

Мектеп оқушылары 2024 жылдың 30 қаңтар күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебіміздегі кітапхана ахуалы мен көркем әдебиеттерге деген оқушылардың қызығушылығын арттыру, оқырмандарды машиқтандыру, ұлттық тәрбиеге баулу мақсатында «5 минут кітап оқу» атты іс шара ұйымдастырылды.

Мақсаты: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында үзіліс уақытын тиімді пайдалану мақсатында әртүрлі ертегі мен аңыз әңгімелер, өлеңдер оқып, кітап окуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Мектеп оқушылары үзіліс уақытын пайдаланып 5 минут кітап оқып, өз ойларымен бөлісті. Ұзақ оку оқушыны шаршатып жалықтырады, екіншіден, оның оқуға деген ынтасын жоятындығы мәлім. Сондықтан 5 минуттан бірнеше боліп оқытса, әлдекайда тиімді.



Мектеп оқушылары 2024 жылдың 31 қаңтар күні А.С.Пушкин атындағы қалалық кітапханага саяхат жасады.

Мақсаты: оқушыларды ұлылар салған сара жолдың ерекшелігімен, шығармаларының жазылу тарихымен таныстырып, жан дүниесін рухани байыту.

Мақсаты: мектеп оқушыларының кітап оку белсенділігін дамыту.

Кітапханашы Ақрапова Жанар оқушыларды археологиялық мұралармен, коллекциялармен, этнографиялық бұйымдармен және ақын жазушылардың шығармаларымен, тарихымен әр түрлі көрнекіліктермен, кітапхана көрмелерімен таныстыруды. Оқушылар қалалық кітапхана туралы, балалар әдебиеті болімі, кітап қоры туралы мәлімет алды. Кітапханада тек оқулық алумен шектелмей, көркем әдебиеттер анықтамалық басылымдар алып оқуына болатыны туралы айтылды.